

Д.М. Кенжекеева

АСТАРЛЫ СӨЗДЕР (СЕХОУҮЙ) ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қытай тілінде де, басқа да тілдерде секілді фразеологиялық қор өте үлкен. Қытай тілінің фразеологизмдері – бұл өткеннің мұрасы, онда ұлттық компонент айқын көрінеді. Мұнда тек қытайға тән яшма, нефрит, айдаһар, атакты қытай кейіпкерлері жиі кездеседі. Әрине, бейтарап фразеологизмдер де бар, міне осыларды шетелдік әдебиетті аударғанда пайдалануға болады.

Қытай фразеологизмдері дайын сөйлемдерден, дағдылы сөйлемдерден, мақал-мәтелдерден, жасырын-астарлы сөздерден тұрады.

歇后语 терминін сөзбе – сөз қытай тіліне аударсақ «демалыс, үзіліс жасап барып сөйлеу» дегенді білдіреді.

«Қытайша – орысша сөздікте» бұл сөзге «недомолвка, намек, недосказанное выражение» деп аударма берілген.

Сехоуүйдің мағыналық, құрылымдық, әсіресе прагматикалық ерекшеліктерін ескере отырып тұрақты тіркестің бұл түріне қазақ тілінде «астарлы сөз» - деп атау беруге болады. Астарлы сөздерді орыс қытайтанушылары ішінде ең алғаш зерттеген Михаил Григорьевич Прядохин болатын. Ғалым «Китайские недоговорки - иносказания» - деген еңбегінде астарлы сөздерге семантикалық болмысы және грамматикалық құрылымы жағынан біршама толыққанды сипаттама берген /6, 5/.

Астарлы сөздер туралы әр түрлі сөздіктер әр түрлі түсіндірме береді.

《辞海》 энциклопедиясында астарлы сөздер туралы былай деп жазылған: «Фразеологизмдердің бір түрі. Көпшілікке әзіл – оспак, әрі бейнелі сөз тіркестері деп танымал». Астарлы сөздердің мынадай негізгі ерекшеліктерін атауға болады:

1) Қолданғанда, астарлы мағына сөздің артында тасалануы мүмкін. Мысалға, 围棋盘里下象棋

Сөзбе-сөз аудармасы: «Дойбы тақтайында шахмат ойнау», яғни дұрыс емес жолды, қате тәсіл деген мағына береді. Қазақ тіліндегі баламасы ретінде «Дария жанынан құдық қазба» алса болады.

2) Сехоуүйдің алдыңғы-артқы бөлігі қосарланып келуі мүмкін. Мысалы, 芝麻开花 – 节节高

Сөзбе-сөз аудармасы: «Күнжіт гүлдеді – тоқтамай биіктеп жатыр. Мағынасы: істің сәттілікке басуы. (Қазақ тіліндегі баламасы -

Жолы болар жігіттің желі оңынан тұрады) /1, 3/.

«Қытайдың энциклопедиясында» тіл және жазу бөлімінде сехоуүйге төмендегідей анықтама берілген: «Сөйлеу барысында жиі қолданылатын сөз тіркестерінің бір сөзі немесе жарты сөйлемі әдейі қысқару арқылы жасалған әзілдік сипаттағы сөздер» /2, 425/. Әдетте екі түрге бөлінеді:

1) Әуелгі мағыналы сехоуүй. Ол чэньюйдің соңындағы бір сөзді қысқартып, айтпау арқылы жасалады, 缩脚语 (қысқартылған сөз) деп те аталады. Мысал ретінде 金瓶梅 шығармасындағы Ваң келіншектің сөзінен бір үзінді келтірсек: «Сенің үйіндегі бесінші балаңның 秋胡戏 – і». Мұнда 妻 (жұбай) сөзі қысқартылған, себебі 秋胡戏妻 деген күллі қытай халқы үшін ең танымал әңгіме - опера.

Сөз тіркесіне астарлы мағына беру үшін омонимдер де жиі қолданылады. Мысалы, 岳父 (қайын ата) дегенді 龙头拐 (Айдаһар басты таяқ; қарт кісілер қолданатын аса таяқ) деп те атайды. Мұнда 杖 (таяқ) сөзі қысқарған, әрі оның орнына омоним 丈 сөзі қолданылды.

2) Кең мағынадағы сехоуүй. Пекинде сехоуүйдің бұл түрін 俏皮话, яғни өткір сөз деп атайды. Бұл дегеніміз бір сөйлемнің екінші жарты бөлігін қысқартып айту арқылы жасалатын түрі. Мысалы, 破菜篮端水

Сөзбе-сөз: «Тесік жеміс дорбасымен су тасу», яғни ағып кету деген мағынаны береді. Бұл тіркесте 漏光 (ағып жоқ болу) сөзі қысқарған. Қазақша баламасы - «Ер қолында мал тұрмайды, елек ішінде су тұрмайды».

Кең мағыналы сехоуүйда да омонимдер қолданылады. Мысалы,

一脚踢煤油炉 – 散伙 (火)

Сөзбе-сөз: «Керосин шамын аяқпен бір тепкенде - өрт болады» (қазақша баламасы – «Кішкентай тастан қауақтай бас жарылады»). Бұл жерде 火 (өрт) сөзінің орнына омоним 伙 (дос, бірлестік) сөзі қолданылған /3, 425/.

«Қазіргі заманғы қытай тілі сөздігінде» сехоуүйге мынадай түсіндірме берілген: «Сехоуүй екі бөліктен тұрады. Оның бірінші бөлігі мегзеу, яғни жұмбақ секілді, ал екінші бөлігі сол жұмбаққа түсіндірме, демек жұмбақтың шешуі секілді болып келеді. Мысалы,

2. 雨落拖被絮 – 越被越重

Сөзбе-сөз: «Жауынды күні мақтаны арқалап

көтеру – көтерген сайын ауырласады». Қазақша баламасы: «Баста ми жоқ болса, екі аяққа күш түсер».

2. 寒天吃冷水 - 点点在心头

Сөзбе-сөз: «Аязды күні суық су ішу - өз дерті өз ішінде. Қазақша баламасы: «Ақымақ жауынды күні суға түсер» /1, 3/.

Төл топырағымызда шыққан қытай тіліне байланысты еңбектерге көз жүгіртсек, Дүкен Мәсімханның «Шығыс филологиясына кіріспе» оқу құралында астарлы сөздер жайлы былай деп жазылған: «Басқа бір затты, құбылысты сөз еткен болып, екінші бір ойды жасырып аңғарту – астарлы сөздер деп аталады. Мысалы, 大海里捞针. Сөзбе – сөз аудармасы: «Ашық теңізден инені аулап шығару». Мағынасы: еш жерден таба алмау.

老牛追兔子 сөзбе – сөз аудармасы: «Кәрі сиыр қоянның артынан куды». Мағынасы: айласыз қара күш. (Қазақ тіліндегі баламасы: «Күштінің қолы ұзын», «Қасқыр қартайса да бір қойға күші келеді», «Күш атасын танымайды»)» /5, 84/.

Стилист Чжан Гуи «Астарлы тіркестің ғасырмен тілдесуі» деген еңбегінде астарлы тіркестің стильдік қолданысын айтып, көркем әдебиеттің құралы ретіндегі болмысына басты назар аударды. Чжан Гуи астарлы тіркесті екі бөліктен тұратын тұрақты тіркес деп, оның бірінші бөлігі образды түрде мегзеу, ал екінші бөлігі сол образды мегзеудің мәнін ашатын тұрақты тіркес деп мінездеме береді /3, 24/.

Жоғарыда келтірілген әр түрлі кітаптар мен мақалалардың астарлы сөзге берген түсіндірмелерін қорыта келе, біз сехоууіге келесі анықтама береміз: Астарлы сөз – жұмбақ және жұмбақтың жауабы секілді екі бөліктен құралған, астарлы мағына беретін ауызекі сөз. Оның бірінші бөлігі метафора немесе жұмбақ, 提示语 (сілтеме) деп те аталады. Ал екінші бөлігінде мағынасы ашылып көрсетіледі де, бұл бөлігі 目的语 (мүдде, мақсат) деп аталады.

Астарлы сөзді қолдану барысында тыныстық кідірістер арқылы сөйлемдегі көңіл – күй мағынасын жеткізуге болады. Айта кететін жайт, астарлы сөздің екінші бөлігі - маңызды бөлігі болып саналады.

Астарлы сөздер икемді әрі сергек, әзіл – оспақ және фантазияға толы, мақаланың немесе сөздің көркемділігін, қызықтылығын, бейнелілігін күшейтеді. Осылайша шығарманың өмірлік тынысын және жергілікті ерекшеліктерін арттыра түседі, сөйлеушінің сөйлеу ерекшелігін қалыптастыруға септігін тигізеді.

Сехоууілер халық тілінің өзіндік ерекшелігі бар түрі. Сехоууілердің қытай тілінде және халық ауыз әдебиетінде тамырын тереңге

жайған тарихы бар. Бүгінгі күнге дейін жеткен астарлы сөздер «缩脚» түріндегі құрылым формасын сақтап қалса да, азды – көпті өзгерістерге ұшырады және де ойды жеткізу тәсілдері көбейді.

Қазіргі таңдағы астарлы сөздер әдетте екі бөліктен тұрады: алдыңғы бөлігі – теңеу, жұмбақ сияқты; кейінгі бөлігі – оның мәні, жұмбақтың жауабы сияқты. Сөйлеген кезде, астарлы сөздердің алдыңғы бөлігінде теңеу, дыбыс үндестігі және тағы да басқа амал – тәсілдерді пайдалану арқылы сехоууілердің мәнін жеткізеді, осылайша белгілі бір мағынадағы мүдде – мақсатты іске асырады.

Екі бөліктен құралған астарлы сөздердің бір ерекшелігі – онда қос мағыналылық (тура және ауыспалы мағына) тәсілінің қолданылуы. Жай сөзбен айтқанда, астарлы сөздердің кейінгі бөлігі сөз ойыны, яғни сөздерді икемдеу арқылы жасалған қос мағына беретін тіркестер болып келеді. Қос мағыналылық әдетте мәндік және дыбыстық қос мағыналылық болып бөлінеді. Мәндік қосмағыналылық сөйлемнің мәндік тұрғыдағы байланысы арқылы, яғни алдыңғы бөлігінде теңеу құбылысы мен сөйлеушінің айтпақ болған бар ойының қандай да бір ұқсастық белгілері негізінде жасалады. Мысалы, 泥菩萨过江 - 自身难保 - осы түрдегі астарлы сөздерге жатады.

Ал дыбыс үндестік қосмағыналы астарлы сөздердің алдыңғы – кейінгі екі бөлігінің бір-бірімен мән-мағыналық тұрғыдан байланысы жоқ, алдыңғы бөлігі тек кейінгі бөлігіндегі астарлы мағынаға мегзеу үшін ғана қолданылады. Осы түрдегі астарлы сөздердің кейінгі бөлігінде омоним сөздер қолданылып, сөздерді икемдеу (сөз ойыны) тәсілі арқылы астарлы мағына жеткізіледі. Мысалы, 狗长犄角 — 洋 (羊) сөзбе-сөз аудармасы: «Итке мүйіз шыққан – қой (мұхит) сияқты». Мағынасы: болмайтын нәрсеге әлек болу, күйіп – пісу, қиялдап кету. Қазақша баламасы: «Суреттегі шелпекке қарап қарын тойғызу».

Қосмағыналылықтан тыс, астарлы сөздердің құрылымында дыбысқа еліктеу және тағы да басқа амал-тәсілдер жиі қолданылады. Дыбысқа еліктеу тәсілі арқылы жасалған сехоууілердің алдыңғы бөлігінде орын алған іс- әрекеттің немесе құбылыстың шығарған дыбысына сәйкес кейінгі бөлігінде еліктеуіш сөздер қолдану арқылы белгілі бір астарлы мәнді жеткізуге болады. Мысалы, 半天云里吹喇叭 — 哪里哪 сөзбе-сөз аудармасы: «Аспанды бұлт басқан күні сонада ойнау – ‘қайдан қай жаққа’». Бұл жердегі «哪里哪» сона аспабының шығарған дыбысына еліктеп алынған, мағынасы – «әлі қайда, көп жеткіліксіз» (差得远). Осындай дыбысқа еліктеушілік арқылы жасалу

амалы аз қолданылса да, астарлы сөздердің айқын ерекшелігі, бір түрі болып есептеледі.

Жалпы алғанда, астарлы сөздер халық тілінің ерекше және икемді формасы болып табылады. Ол мағыналық жағынан ұғынықты, әзіл-оспаққа толы, өмірдің қыр-сырын жан-жақты бейнелейді. Астарлы сөздерге халықтық ерекшелік тән. Өмір рухына бай бұл тіл формасын көркемделген қытай халық тілінің бір саласы деп айтса болады. Сөйлеу немесе жазу барысында сехоуүйлерді тиімді әрі орынды пайдалана отырып, сөздің көркемдігін күшейтуге, әзіл-қалжың және қызыққа толы өмірді бейнелеуге болады. Сондықтан да, астарлы сөздер бұқара халықтың ең сүйікті сөйлеу формасы екендігінде еш күмәніміз жоқ.

Стилистикалық тұрғыдан қарасақ, астарлы сөздердің тілдік формалары өте көп. Негізінен 5 түрге бөлуге болады:

1) 比喻性歇后语 (теңеу формасындағы сехоуүй) – сехоуүйдің алдыңғы бөлігіндегі белгілі бір құбылысқа теңеу жасау, ал кейінгі бөлігінде осы теңеудің мән-мағынасын ашып, айтпақ болған белгілі бір ойды жеткізу тәсілі. Теңеу формасындағы астарлы сөздер астарлы сөздердің арасында ең кең таралған түрі болып саналады. Алдыңғы бөлігінде теңеуге алынған құбылыс нақтылы өмірден немесе ойдан шығарып алынуы мүмкін. Мысалы, 白脸狼戴草帽 — 假充好人 сөзбе – сөз аудармасы: «Ақ жүзді қасқырдың бас киімді киюі – жалған жақсы адам болуы». Бұл сехоуүйде аллегориялық тәсіл қолданылып, айтпақ болған ойды жеткізу үшін ойдан шығарылған құбылысқа теңеу орын алған. Осындай тәсілді қолдану арқылы астарлы сөздердің көркемділігін күшейту көзделіп отыр.

2) 假借性歇后语 (уақытша тіркестіру арқылы жасалған сехоуүйлер). Бұл формадағы астарлы сөздердің кейінгі бөлігі – алдыңғы бөлігінің нәтижесі, бірақ ол нақтылы мағынаны бермейді, тек осы нәтиже (қорытынды) арқылы басқа бір ойды туындатады. Бұл түрдегі астарлы сөздердің кемшілігі – кей жағдайда адамдарға түсініксіздігі болса, артықшылығы – адамдарды ойландыра алады. Мысалы, 百年松树, 五月芭蕉 — 粗枝大叶 сөзбе – сөз аудармасы: «Жүз жылдық қарағай, бесінші айдағы банан – бұтағы жуан, жапырағы үлкен». «粗枝大叶» - жүз жылдық ескі қарағайдың бұтағы жуан және мамыр айындағы бананның жапырағы үлкен дегенді көрсетіп отыр. Бірақ бұл сехоуүйдің айтпақ болғаны – «粗心大意» (салақ, салғырт қарау), яғни іс істеу барысында зейінсіз болу, істі шын пейілсіз істеу, жауапкершіліксіз қарау.

3) 双关性歇后语 (қос мағыналы сехоуүй). Кейінгі бөлігінің қос мағынасы, яғни екі түрлі

түсіндіру мүмкіншілігі бар, ал шындығында нақты мән – мағынасы оның астарында тасаланып тұр. Мысалы, 房檐上逮鸟 — 不好走捉摸 сөзбе – сөз аудармасы: «Үйдің төбесінде тауық ұстау – ұстау қиын». Бұл сөйлемдегі 捉摸 сөзінің екі түрлі мағынасы бар: тікелей мағынасы – ұстап алу, ал айтпақ болған ойы – «猜测», «预料» (яғни болжау, алдын – ала ойлау). Астарлы мағынасы: белгілі бір істің барысында оны алдын – ала болжауының қиын екендігін айтып тұр.

4) 谐音性歇后语 (дыбыс үндестігі арқылы жасалған сехоуүй) – бұл сехоуүйдің кейінгі бөлігінде омоним сөздерді қолдану арқылы жасалу тәсілі. Мысалы, 生手拉胡琴 — 吱咕吱 (自顾自) сөзбе – сөз аудармасы: «Музыкадан хабарсыз адамның скрипка мен пианинода ойнау – құлаққа жағымсыз естіледі». «自顾自» үш сөздік дыбыс үндестігі, яғни өзімен - өзі болу дегенді білдіреді.

5) 引用性歇后语 (мысал келтіру арқылы жасалған сехоуүйдің түрі) – халыққа танымал әңгіме, аңыздарды мысал ретінде алып, соны үлгі ету, одан өнеге алу. Бұл астарлы сөздер көбінесе қытайдың көне әңгімелерінен немесе спектакльдерінен алынды. Соның ішінде қытай халық әдебиетінің асыл мұрасы болып саналатын, алтын қазынасына кірген үш атақты дастан «三国演义», «西游记» және «红楼梦» көп мысалдар келтірілген. Мысалы, 草船借箭 — 满载而归 сөзбе – сөз аудармасы: «Шөп кемесімен жебе табу – жебеге толы болып қайту».

Бейнелеу мақсаты бойынша астарлы сөздерді 讽刺性歇后语 (сайқы мазақтық немесе ысқақтық астарлы сөздер) және 赞美性歇后语 (мадақтық астарлы сөздер) болып бөлінеді:

Кейбір астарлы сөздер ысқақтық не сайқы-мазақтық мән – мағына береді. Бұл түрдегі астарлы сөздерде еліктеу тәсілі жиі қолданылады, кей – кезде айтпақшы болған ойды әсірелеп бейнелеу, аңыз әңгімелерді негізге алып астарлы мағынаны сол арқылы беру де кездеседі. Мысалы 水仙不开花 — 装蒜 сөзбе-сөз аудармасы: «Нарцисстің гүл ашпауы - өтірік сарымсақ болуы». Бұл астарлы сөздің беретін мағынасы – жалғаншылық жасау, қыр көрсету, өтірік алдау.

Сайқы-мазақтық түрдегі астарлы сөздерді қолдану барысында, басты назарды қолдану ортасына, орнықтылығына, өзектілігіне көңіл аудару керек, қалай-мақан, орынсыз, ойына келген кезде қолдана салуға болмайды /7, 33/.

Мадақтық түрдегі астарлы сөздерге келетін болсақ, олардың көбісі тарихи оқиғаларға, әңгімелер мен дастандарға, белгілі бір тарихи тұлғаларға байланысты құрылған. Бұл түрдегі

астарлы сөздерді орынды қолдану арқылы жанында жүрген құрбы-құрдастарына, дос-жекжаттарына құрметінді, сый – сыяпатынды көрсетуге болады, мадақтық көңіл-күйді жеткізу болады. Бұл әсіресе қытай халқына тән ерекшелік. Қарсы жақты мақтау, құрметтейтін адамына сыйластық білдіру үшін сол адамның алдында кішірею, адамды мадақтап көтермелеу сияқты айла-амалдар қалың қытай бұқарасының діліне әбден тән.

Мадақтық астарлы сөздерге мысал келтіретін болсақ: 关羽降曹操 — 身在曹营心在汉 сөзбе-сөз аудармасы: «Гуан Юйдің Цао Цаодың қолына түсуі – денесі Цао Цаодың бекінісінде болғанымен, жүрегі Хань патшалығы үшін соғады». Астарлы мағынасы: отанға сүйіспеншілік. Осындай қалыптағы астарлы сөзді қолдану арқылы қарсы жақтың отаншылдық сезімдерін, патриоттық сезімдерін, туған жеріне деген махаббатын мадақтап, ерекшелеп көрсетуге, сол арқылы адамның мейіріміне бөленсе болады.

1. Ли Сюеджының «Джүңгуо сиехоууі» (Қытайдың астарлы сөздері). – Пекин: Қытайдың туристік баспасы, 2004ж.

2. «Джүңгуо да бай кэ чуан шу, үй ян вен цзы» (Қытайдың үлкен энциклопедиясы, тіл және жазу бөлімі). – Пекин: Қытай энциклопедиясының

баспаханасы, 1998ж.

3. Zhan Gui Yi «Tan Xiu Ci Xue» (Стилистика жайлы әңгіме). – Пекин: Қытай тілі баспасы, 1994 ж.

4. «Джүңгуо венхуа сиао бай кэ чуан шу» (Қытай мәдениетінің кіші энциклопедиясы /бас редакторлары Ниң Вей, Фу Юань Чин/ 3-том. – Пекин: Қытайдың материалды ресурстар баспасы, 1999 ж.

5. Мәсімхан Д., Әбиденқызы А. «Қытай филологиясына кіріспе»: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2002 ж.

6. Прядохин М.Г. «Китайские недоговорки-иносказания». – Москва, 1977 г.

7. Чжу Чие Цзу «Янүй, сиехоууі гай лүн» (мақалдар мен астарлы сөздерді қайта талқылау). – Пекин, 1992 ж.

8. Войцехович И.В. «Практическая фразеология современного китайского языка». – Москва: АСТ: Восток-Запад, 2007

В этой статье рассматривается один из более важных разрядов фразеологических единиц китайского языка – сехоууі (недоговорки-иносказания), а также толкование термина, источник происхождения фразеологизма, структурно-грамматические и стилистические особенности.

In this article one of the most important categories of phraseological units of the Chinese language-sehoujij (allegories), and also term interpretation, a source of origin of phraseological units, structural-grammatical and stylistic features are considered.

Ө. К. Күмісбаев, Б. Ермекбаева

ЖЕМІС-ЖИДЕКТЕРДІҢ ПАРСЫ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНДЕГІ КӨРІНІСІ

Мақал-мәтелдер – бұл қайнар көзі өмір бақи суалмайтын, қайта уақыт өткен сайын толысып, жаңара беретін, әр заманның талап-тіршілігін, қалыптарын танытып, тілге нәр, сөзге ерекше әсемділік пен ұтымдылық құятын үлкен байлық /1, 3б/.

Мақал-мәтелдер кез-келген халық өмірінің энциклопедиясы болып саналады, Қандай да мақал-мәтелдер болмасын, сол халықтың өмірі, ортасы, тыныс-тіршілігі, тәжірибесі, ой қорытындылары жинақталады. «Халық айтса, қалып айтпайды» деген сөз содан шықса керек. Пенде баласы өмірге келгеннен кейін тұрады, жығылады, қателеседі, күледі, тіршіліктің ащы зардаптарын көреді, ортамен, қоғаммен араласады, тағысын тағы. Мінеки, сол құбылыстардың барлығы да халықтың ауызша және жазбаша әдебиетіне, қанатты сөздерге, мақал-мәтелдерге ауысып отырған. Демек, олар өмір мектебінен өткен адамдардың іс-тәжірибелерін ортаға салып, жақсы-жаман жақтарын айырып, айтып отырады. Жалпы, мақалдап, мәтелдеп, мәнерлі, әсерлі сөйлеу халықтың данагөйлігін, көрегендігін,

данышпандығын көрсетеді. Ендігі бір айта кететін мәселе - мақал-мәтелдер өмірдің барлық тарауларын, саласын қамтиды. Олар көптеген бөлімдерге, тарауларға бөлінеді. Солардың ішінде біз жеміс-жидектер саласына тоқталып өткіміз келеді. Біз барлық материалдарды жинастырып қарастырғанымызда, бұл орайдағы мақал-мәтелдер парсы тілінде молырақ кездеседі де, қазақ тілінде сирек ұшырасады екен. Біз аталған тақырыпты зерттеу барысында, парсылардың жеміс-жидектер туралы бір топ мақал-мәтелдерін топтастырып, жинастырдық. Енді, соларға қысқаша түсініктеме берсек:

«Қауын» сөзі қолданысқа енген мақал-мәтелдер:

آدم زرنگ پایش روی پوست خربوزه بند است

(Адам-е зеранг пайәш руйе пуст-е хәрбузе бәнд аст). Сөзбе-сөз аударғанда, «Айлакер адамның аяғы қауынның қабығынан да таймайды» деп, ақылды адам қандай да бір жағдай болмасын шешімін, жолын табатынын айтады.

فكر نان باش خربوزه آب است